



УДК 95 (482)

«ҚАЗАҚ ЕСКІ ЖАЗУ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ СӨЗДІГІНІҢ» ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ТИПОЛОГИЯЛЫҚ, ЖАНРЛЫҚ ЖІКТЕМЕСІ

Г.Б. Көбденова (G.B. Kubdenova) ³⁶

Аңдатпа. Мақалада ескі қазақ кітаби лексикасы сөздігіне лексикографиялық талдау жасалынған. Тарихи бағдарлы сөздіктің құрылымдық-типологиялық, жанрлық жіктелімі берілген. Тарихи, ұлттық, тілдік саналардың сөздік жасаудағы маңызына тоқталады. Сөздіктің макроқұрылымы және микроқұрылымы қарастырылды. Лексикограф – ұжымдық білімді жеткізуші кәсіби маман екендігіне тоқталды. «Сөздік – оқырман» коммуникациясының сөздік жасаудағы басты талаптардың бірі ретінде қарастырылу қажеттігі айтылды.

Кілт сөздер: тарихи лексикография, тарихи сөздік, ескі кітаби лексика, қазақ ескі жазу лексикасының сөздігі, сөздіктің жіктелімі..

³⁶ Филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «тіл тарихы және диалектология» бөлімінің аға ғылыми қызметкері, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы, guljihan@mail.ru



STRUCTURAL-TYPOLOGICAL, GENREAL CLASSIFICATION OF THE "DICTIONARY OF KAZAKH OLD WRITING VOCABULARY"

ABSTRACT

The article presents a small lexicographic analysis of the vocabulary of the Old Kazakh language. The article provides a lexicographic analysis of the dictionary of old Kazakh book vocabulary. There is a structural-typological, genre classification of historically oriented dictionary. Emphasizes the importance of historical, national, linguistic consciousness in the creation of vocabulary. The macrostructure and microstructure of the dictionary are considered. He noted that the lexicographer is a professional provider of collective knowledge. It was noted that the "dictionary - reader" communication should be considered as one of the main requirements for the creation of a dictionary.

Keywords: historical lexicography, historical dictionary, book language dictionary, Old Kazakh dictionary, dictionary classification..



«ҚАЗАҚ ЕСКІ ЖАЗУ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ СӨЗДІГІНІҢ» ҚҰРЫЛЫМДЫҚ- ТИПОЛОГИЯЛЫҚ, ЖАНРЛЫҚ ЖІКТЕМЕСІ

Сөздік жасау ісі адамзат ойының ертеден келе жатқан ірі жетістіктерінің бірі. Ол мол қажыр-қайратты, терең ақыл-ойды, шығармашылық қабілетті қажет етеді. Сөздік – жүйелі, күрделі құрылымды шығарма.

Тілдік сана қоғамдық сананың негізінде қалыптасады. Кез келген сөздіктің жасалуы кешенді түрде атқарылатын үлкен ғылыми мәселе, ал ұлттық тілдің сөздігін түзу – әр уақытта халықтың мәдени өміріндегі елеулі оқиға болып табылады және тарихи тұрғыдан келгенде көбінесе тарихи және ұлттық сана-сезімнің өсу кезеңімен, ұлттың қалыптасуы, әдеби тіл мен оның нормасының тұрақтануымен байланысты келеді. Тарихи сөздіктің жасалу негізінде *ұлттық және тарихи саналардың* жатуы заңды құбылыс.

2018-2020 жж. арналған «Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы зерттеу аясында «Кирилл және латын графикаларында қазақ ескі жазу лексикасының сөздігін әзірлеу» мақсат етілді.

«Дала уалаяты», «Шаһнама», 100 томдық «Бабалар сөзі», Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларынан, 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінен» т.б. дереккөздерден ескі кітаби сөздер жинақталуда. Ескі кітаби лексиканың варианттылығы және олардың жазу емлесін латын графикасы негізінде ретке келтіру мәселелері қарастырылды.

Тіл білімінің «Үлкен энциклопедиялық сөздігінде» тәжірибелік лексикографияда сөздіктер мынадай қоғамдық маңызды қызметтерді атқарады деп көрсетілген: 1) тіл үйрету; 2) ана тілді нормаландыру; 3) тіларалық қатынас; 4) тіл лексикасын ғылыми тұрғыдан зерттеу [1, 258 б.]. Тіл лексикасын ғылыми тұрғыдан зерттеу қызметін біздің



зерттеу нысанымыз болып отырған «Қазақ ескі жазу лексикасының сөздігі», сонымен қатар этимологиялық сөздік, тарихи сөздік, диалектологиялық сөздік, өлі тілдер сөздігі және т.б. сөздік түрлері жатады.

Ал тарихи бағыттағы сөздіктер мынадай белгілер бойынша ажыратылған [1, 462 б.]: *лексиканы сұрыптау бойынша* – тіл лексикасының стильдік қабаттарын көрсететін диалектологиялық сөздік; *сөздің сипатталу тәсілі бойынша* – сөздің шығу тегін ашатын этимологиялық сөздік жатса; *сөздің дәуірлерде көрініс беруі бойынша* – тарихи сөздіктермен қатар «Қазақ ескі жазу лексикасының сөздігін» жатқызамыз.

Сөздіктің лексикографиялық өлшемдері нақтылау үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу, сөздікке алынатын тіл бірліктері, олардың мағынасын ашу, сұрыптау, сөздік мақаланың құрылымын айқындау т.с.с. ғылыми теориялық-практикалық мәселелерді шешу күн тәртібіне енді.

Сөздіктің **макроқұрылымын** (лексиканы сұрыптау, сөзтізбенің көлемі мен сипаты, материалдарды орналастыру қағидалары) және **микроқұрылымын** (сөздік мақаланың құрылымы, сөздік анықтаманың түрлері, сөз туралы әртүрлі ақпараттардың қатысы, тілдік деректеме материалдардың түрлері т.б.) зерттеу қажеттігі туындады [2].

Тарихи лексикография қазіргі лингвистиканың антропоэлектік саласымен байланысты даму керек. Сөздіктерге жасалатын талдау адам лексиконын ұйымдастыру мен оның жадында сақталған білімдердің жиынтығы туралы объективті мағлұмат береді. «Адам және сөздік» диалогы коммуникативті және танымдық әрекеттің маңызды формасы болып табылады. Тарихи сөздікті қолданушылардың үш негізгі тобы бар: тілді тұтынушылар, тілді зерттеушілер және қоғамдық ғылымдар салаларының мамандары [3, 7 б.]. Жоғарыда айтылғандарды сараптай келсек, оның біріншісі – қазақ тілін, тарихын білгісі келетін көпшілік оқырман, екіншісі – тіл тарихын зерттеуді мақсат тұтқан тілші, этнограф, тарихшы мамандар. Яғни оқырмандардың басым көпшілігі қазақ тілін ана тілі деңгейінде жоғары меңгерген жергілікті оқырмандар болып табылады.



Лексикограф оқулықтың авторы секілді өз атынан сөйлемейді, ол қоғам мен жеке адам арасын жалғастырушы, яғни тілдің ұжымдық жеткізушісі. Лексикограф – ұжымдық білімді жеткізуші кәсіби маман [4, 17 б.]. Тарихи санаға қозғау салушы, өткен мен бүгінгі күннің арасын сөзбен жалғастырушы.

Сөздікті дайындау барысында төмендегідей теориялық мәселелердің нәтижесіне қол жеткіздік.

I. Сөздік мақала. Сөздік мақаланың құрамы атау сөз және оның варианттарымен, атау сөздің түсініктемесі, дефиницасы, дәйек сөз және дереккөзінен тұратындығы анықталды.

II. Атау сөз. Атау сөз болып ескі кітаби сөздер алынады және олар бас әріппен жазылады.

Мысалы: 1) **АУАЗЫ. АҰАЗЫ.** 2) **ӘГЕРДЕ. ÁGERDE**

III. Түсініктемесі. Ескі сөздердің мағынасын анықтау үшін бірнеше тілдің сөздіктері пайдаланылды және ол курсивпен беріліп отырады.

әуезі; егерде

IV. Дәйек сөз. Дәйек сөзге XX ғасырдың басына дейін жазылған туындылар алынды.

V. Дереккөз. Дереккөз жақша ішінде, қажет болған жағдайда қысқартылып беріледі.

VI. Латынша транслитерациясы. Кирилше жазылған бөлігі сол, латынша бөлігі оң жақта тұрады. Кирилшеде жазылған сөздік мақала латыншаға сөзбе-сөз, сөздік мақала тұтастай аударылады.

Сөздік, мәселен, мынадай үлгіде беріледі.

BENGI



Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2
World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2



ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKISTAN Özel Sayısı

<p>АУАЗЫ – <i>auazi</i>. Сонан соң сұлу қыздың әсем <i>auazyn</i> естіп өзін сүйетінін біліп бала өзінің ата-анасы өскен жерін бұрын сол уақытқа шейін ойына салмай жүрген мүддем есінен шығып бүтін дүния көзіне көрінбей кетіпті (ДУГ. 1889 ж. Урашима. 102-б.).</p>	<p>AÝAZY – <i>áyezi</i>. Sonan soň sulý qyzdyň ásem <i>áazyn</i> estip ózin súetinin bilip bala óziniň ata-anasy ósken jerin buryn sol ýaqtqa shein oyna salmaı júrgen müddem esinen shygyp bútin dúma kózine kórinbei ketipti (DÝG. 1889 j. Ýrashima. 102-b.).</p>
<p>ӘГЕРДЕ – <i>egerde</i>. Бұл баяннаманың ақырын тиянақ етіп ұйғарамыз һәм шаттықпенен қосып жазамыз, <i>әгерде</i> Шоқан Уәлиханов ғылым, өнер иесі, халықтың ғадет заңын біліп, даңғыл биік жолға шықса да өзінің туған жайын жатырқамады һәм ұмытпады (ДУГ. 1894 ж. Ш.Ш.Уәлиханов. 517-519-бб.).</p>	<p>ÁGERDE – <i>egerde</i>. Bul baiannamanyň aqyryn tianaq etip uǵaramyz hám shattyqpenen qosyp jazamyz, ágerde Shoqan Ýalıhanov ǵylym, óner iesi, halyqtyň ǵadet zańyn bilip, dańǵyl biik jolǵa shyqsa da óziniň týǵan jayyn jatyrqamady hám umytpady (DÝG. 1894 j. Sh.Sh.Ýalıhanov. 517-519-bb.).</p>

ҺӘМ — *және*. «Дарға тарт, өлтір!» деудің себебі сол, Байғұстар бір жыл жатып *һәм* арыды («Әбуғалисина, Әбілхарис». Бабалар сөзі. 7-том, 19-б. 2004). Бағдаттың патшасы *һәм* ұлық патша, Бұрын да балаңызды келген сұрай. Лайық Діләфрузжан қосылса оған, *Һәм* сізге, ұлы абырой бәрімізге («Әбуғалисина, Әбілхарис». Бабалар сөзі. 7-том, 31-б. 2004). Атқанда алтын арай бозарып таң, Жұлдыздар жойылғанда азайып *һәм* («Әбуғалисина, Әбілхарис». Бабалар сөзі. 7-том, 67-б. 2004). Қазылар бұл сауалға сөз таба алмай, Ұялып *һәм* қоркумен қозғала алмай («Әбуғалисина, Әбілхарис». Бабалар сөзі. 7-том, 101-б. 2004).

Сөздік мақала – сөздіктің сапасын айқындайтын негізгі көрсеткіштің бірі. Сөздіктің жасалуы – кешенді ғылыми зерттеу және ғылыми-ұйымдастырушылық мәселе. Сөздік

BENGI



Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2
World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2



ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı

құрастырушылар жалпы тілдік және лексикографиялық білімдерімен сөздік жасау барысында пайда болған мәселелерді шешеді.

Сөздік – бұл дәуірдің "жемісі". Оның жасалуы көп жағдайда мәдени-тарихи жағдайларға, теориялық лингвистикаға, лексикографтың қолданатын мәтіндеріне тәуелді болып келеді. Тарихқа неғұрлым терең бойлаған сайын, тарихи зерттеулер көбейген сайын тарихи сөздіктердің де түрлері көбейіп, соған сәйкес жіктеменің де ауқымы кеңейе бермек.


Қорыта келе, айтарымыз, Кирилл және латын графикаларында қазақ ескі жазу лексикасының сөздігін әзірлеу тұңғыш рет қазақ тіл білімінде қолға алынып отырған жұмыс. Бұған дейін бұндай атпен сөздік шыққан жоқ. Әрине, араб, парсы сөздерінің сөздігі шықты. Бұл сөздіктерден айырмашылығы – ескі кітаби тілдің лексикасы жинақталып, тіркеліп, мағынасы анықталады, екіншіден, жана латын графикасында жазылуы.

Кез-келген сөздік жасау барысында кездесетін қиындықтар біздің сөздік жасау барысымызда да кездесіп отырады. Біз оларды ақылдасу мен анықтау арқылы шешіп отыруға тырысамыз.



Әдебиет:

1. Большой энциклопедический словарь. Языкознание. – Москва, 1998. – 685 с.
2. Малбақов М.М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 367 б.
3. Козырев В.А., Черняк В.Д. Русская лексикография. – Москва: Дрофа, 2004. – 285 с.
4. Гак В.Г. О некоторых закономерностях развития лексикографии (учебная и общая лексикография в историческом аспекте) // Актуальные проблемы учебной лексикографии. – Москва, 1977. – С.13-18.



BENĞİ



Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2020 – 2
World Journal of Yörük-Türkmen Studies, 2020– 2



ISSN: 2717-6584, 2020-2 / KAZAKİSTAN Özel Sayısı



Yörük - Türkmen

Yörük - Türkmen

BENĞİ

254